

## Көлік құралдарын әкелу куәлігі және тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін растау куәлігі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 23 көкек N 106-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 2 маусымда тіркелді. Тіркеу N 310. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпанды N 51 бұйрығымен. ~V011441

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік бос жүк автокөліктерінің жүруін бақылауды ретке келтіру және автомобиль көлігімен тасымалданатын тауарлардың жеткізілуін бақылауды күшейту мақсатында бұйырамын:

1. 1997 жылдың 15-ші маусымынан бастап шетелдік бос көлік құралдарын әкелу Куәлігі (N 1 қосымша) және тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін растау туралы Куәлік (N 2 қосымша) енгізілсін.
2. Шетелдік бос көлік құралдарын әкелу Куәлігі және тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін растау туралы Куәлік қорғалған қағазда дайындалады және қатаң есептегі бланкалар болып табылатындығы белгіленсін.
3. Шетелдік бос көлік құралдарын әкелу Куәлігін толтырудың Уақытша ережесі (N 3 қосымша) бекітілсін.
4. Тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін растау туралы Куәлігін толтырудың Уақытша ережесі (N 4 қосымша) бекітілсін.
5. Кеден бақылауын ұйымдастыру Басқармасының (Качкаев Е.Н.) өтініміне орай, күрделі құрылыш және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасы (Кулев Б.К.) 1997 жылдың 1-ші маусымына дейін шетелдік бос көлік құралдарын әкелу Куәлігі мен тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін растау туралы Куәлік бланкілерін жеткілікті мөлшерде дайындасын және республика кеден органдарына берсін.
6. Қаржы басқармасы осы Бұйрықтың (Сейтенова Н.С.) осы бұйрықтың 5-ші пунктінде қарастырылғанындей, шараны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
7. Баспасөз қызметі осы Бұйрықтың (Мұратбаева Ә.О.) осы бұйрықтың 1-4-ші пункттерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті Төрағасының орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктеледі.

Төраға

Тауарларды кеден бақылаумен

жеткізгендігі туралы Куәлікті  
толтырудың Уақытша ережесіне  
N 1 қосымша

Тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін

растайтын Куәліктерді тіркеу  
**ЖУРНАЛЫ**

---

Күні|Куәліктің|ЖБҚ немесе|Жіберген|Кеден көлемі |Жұк тасу.|КЖД\*\*

|реттік |МДТ кітап.|кеден |мен салығын |шының |номері

|нөмірі |шасының |органы |төлеуді қам. |атауы мен|

| |нөмірі | |тамасыз еткенін|мекен- |

| | | |растайтын құжат|жайы |

| | | |номері\* | | |

---

Ескерту:

<\*>

МДП кітапшасын пайдаланып кеден бақылауымен жүк  
тасымалдағанда толтырылмайды.

<\*\*>

Анықталған кеден режиміне сәйкес жеткізілген  
тауарларды шығарған соң толтырылады.

Қазақстан Республикасы  
МҚК-нің 1997 жылғы  
23-сәуірдегі N 106-П

# бүйріғына N 1 қосымша

сериясы номері  
көлік құралдарын әкелу  
**КҮӘЛІГІ**

(кеден органының атауы)

## Қазақстан Республикасының кеден аумағына

\_\_\_\_\_ маркалы, модельді \_\_\_\_\_ санатты КК (С, тіркеме)

ЖЫЛЫ ШЫҚҚАН

қозғалтқышының N

шассиінің N

қорабының N \_\_\_\_\_

тіркеу белгісі \_\_\_\_\_

пайдаланылған уақыты \_\_\_\_\_ (жыл) және жүргені \_\_\_\_\_

қозғалтқыш көлемі \_\_\_\_\_

көлік құралы әкелінгенін куәландырады.

ны мәлімет \_\_\_\_\_

• • • • •

Приклади використання методу дисперсії (п. 1)

Кодек орғаныншы болғаң

(указітіна әкелу мерзімі, соңдай ажырату) \_\_\_\_\_

кеден органының рұқсатынсыз жатсыну, басқа адамның пайдалануына және иелігіне беру күкүн шектеу мерзімі көрсетіледі)

Казакстан Республикасынын аумағынан шығу орны

Көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген болу мерзімін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

"\_\_\_" 199\_\_ жыл  
(кеден органы лауазымды  
аламынын колы мен жеке

номерлі мөрі)

Куәлікті алдым

(көлік құралы иесінің немесе  
оның өкілінің қолы)

Қазақстан Республикасы  
МКК-нің 1997 жылғы  
23-сәуірдегі N 106-П  
бүйрекшіне N 2 қосымша

тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігін  
растау туралы  
КУӘЛІК

" \_\_\_\_ " 199 \_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_

міндетті кеден органды

кеден төлемі мен салығын төлеуді қамтамасыз еткендігін растайтын  
N \_\_\_\_\_

құжат көрсетіледі  
көрсетілген соң, \_\_\_\_\_  
ұсынылған құжатты тіркеген кеден

тіркелген  
органы көрсетіледі  
N \_\_\_\_\_ ЖБҚ бойынша (МДТ кітапшасында) тауарларды  
кеден бақылауымен жеткізуді аяқтағанын куәланышырады.

" \_\_\_\_ " 199 \_\_\_\_ жыл

Мөрдің орны

куәлікті берген лауазымды адамның аты-жөні,  
қолы, жеке номерлі мөрі

Қазақстан Республикасы  
МКК-нің 1997 жылғы  
23 сәуірдегі N 106-П

## бұйрығына N 3 қосымша

### Көлік құралдарын әкелу күәлігін толтырудың УАҚЫТША ЕРЕЖЕСІ

1. Әкелу күәлігі Қазақстан Республикасына әкелінген орыннан жүк тиейтін орынға бара жатқан шет ел азаматтарының иелігіндегі тіркелген бос жүк автокөлік құралдарына (ары қарай- көлік құралдары), сондай-ақ Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен өтетін көлік құралдарына толтырылады.

2. Әкелу күәлігі көлік құралының Қазақстан Республикасына әкелінген жерде орналасқан кеден органында екі данада (біріншісі - көлік иесіне, немесе оның өкіліне беріледі, екіншісі - кеден органында қалады) толтырылады және кеден органының елтаңбалы мөрімен, сондай-ақ осы кеден органы лауазымды адамның қолы және жеке мөрімен расталуы тиіс.

3. Кеден органы көлік құралының Қазақстан Республикасы аумағына болу уақытын, бет алған бағытына көлік құралының мүмкіндігін ескере отырып, бірақ шектеуді мерзімнен аспайтын, бір айға екі мың километр деген анықталған есеп бойынша белгілейді.

4. Шетелдік бос көлік құралын әкелу Куәлігін тіркеу, көлік құралдарын тіркейтін журналдың "Таяр атауы" деген бағанасына жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағының шығу кезінде, шығар орнында орналасқан кеден органына тауардың түсімі туралы кеден органының белгісі бар үшінші бетті ЖБҚ (МДП кітапшасымен) жеткізілу туралы күәлік, немесе көлік құралының әкелінген жерінде орналасқан кеден органы толтырған әкелу Куәлігі көрсетіледі.

Жүк тасушылар тарапынан мұндай құжаттар көрсетілмеген жағдайда көлік құралдары анықтама жүргізу үшін тоқтатылады.

6. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткен көлік құралдарына тауар ретінде әкелу Куәлігі толтырылмайды. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің нормативтік құжаттарына сәйкес тауарларды жеткізуді бақылау тәртібі қолданылады.

МКК-нің 1997 жылғы  
23 сәуірдегі N 106-П  
бұйрығына N 4 қосымша

Тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігі  
туралы Куәлікті толтырудың  
УАҚЫТША ЕРЕЖЕСІ

1. Автомобиль көлігімен тауар жеткізілген соң, кеден органының өкілетті лауазымды адамы жүк тасушыға немесе оның өкіліне ЖБҚ үшінші бетімен, яки тауарлардың түсімі туралы белгісі бар МДП кітапшасымен бірге міндettі кеден органының елтаңбалы мөрімен, сондай-ақ көрсетілген кеден органының өкілетті лауазымды адамының қолы және жеке номерлі мөрімен расталған тауарларды кеден бақылауымен жеткізгендігі туралы Куәлік (ары қарай - Куәлік) беріледі.

2. Куәлік үш данада толтырылады:

- Куәліктің бірінші данасы нағыз Уақытша ереженің 1-ші пунктіне сәйкес жүк тасушыға яки оның өкіліне беріледі;
- екінші данасы ЖБҚ екінші бетімен, немесе МДП кітапшасының жыртып алынатын N 2 бетімен бірге кеден органының тауарларды жеткізууді бақылау бөліміне беріледі;
- үшінші данасы міндettі кеден органында қалады және КЖД немесе жеткізілген тауарларға қатысты басқа құжаттармен бірге сақталады.

Куәлікке 00000/\*111111 тәрізді тіркеу номері, ондағы 00000 Қазақстан Республикасы кеден органдарының класификаторына сәйкес міндettі кеден органының коды, 111111 - тіркеу журналы бойынша куәліктің реттік номері беріледі.

3. Міндettі кеден органдары Куәлікті тіркеу журналына нағыз Уақытша ереженің N 1 қосымшасында көрсетілгеніндей түрде тіркесін.

4. 1997 жылдың 15-ші маусымынан кейін тауарларды кеден бақылауымен жеткізген шетел жүк тасушыларына тіркелген көлік құралдарының шығар жеріне орналасқан кеден органдары бір мезгілде осындай жүк тасушылардың куәліктерін және міндettі кеден органдарының тауардың жеткізілуі туралы белгісі бар ЖБҚ үшінші бетін немесе МДП кітапшасын, яки бос көлік құралын экелу туралы куәлігін тексереді.

Жүк тасушылар тараپынан мұндай құжаттар көрсетілмеген жағдайда көлік құралдары анықтама жүргізу үшін тоқтатылады.

Тауарларды кеден бақылауымен жеткізген кезде кеден төлемі мен салығын төлеуді кеден органының депозитіне қаржы түсіру немесе банк кепілдігін беру түрінде қамтамасыз еткен жағдайда, ақша қаражаты төлеушіге қайтарылады, яки бір мезгілде күәлік пен ДКД үшінші бетін немесе міндettі кеден органының тауардың келіп жетуі туралы белгісі бар МДП күәлігін көрсетсе банк кепілдігі өтелді деп есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК